

"Аренда туралы" Қазақ КСР заңының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 1993 жылғы 12 сәуір

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Аренда туралы" Қазақ КСР Заңының (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 10, 87-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Б ы л а й б е л г і л е н с і н :

- осы Заң күшіне енгізілгенге дейін туған арендалық қатынастар арендалық шарттардың мерзімі біткенге дейін сақталады және қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен тек сот шешімі негізінде бұзылуы мүмкін;

- осы Заң күшіне енгізілгенге дейін құрылған арендалық кәсіпорындар 1993 жылғы 31 желтоқсанға дейін қызметкерлердің кәсіпорынның ортақ меншігіндегі үлесін даралап, шаруашылық серіктестіктері немесе акционерлік қоғамдар болып қайта құрылуға тиіс.

3. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті